

## Жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 16 ақпандағы № 54-ө және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 16 ақпандағы № 35 бірлескен бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 16 наурызда № 6811 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 545 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 маусымдағы № 491 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 30.06.2015 № 545 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.06.2015 № 491 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 16-бабы 25) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4-тармағына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті (А.Ә. Сарбасов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми сайтында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің төрағасы (С.Ғ. Бисақаев) осы бұйрықтың талаптарын орындау және оқып білуді ұйымдастырсын.

4. «Тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы

28 желтоқсандағы № 383-ө және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 5 ақпандағы № 30 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп танылсын (№ 6051 Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген, «Заң газеті» 2010 жылғы 25 ақпандағы № 29 (1651), Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, 2010 жылғы № 8 ж а р и я л а н ғ а н ) .

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Еңбек халықты әлеуметтік  
қорғау министрі*

*Қазақстан Республикасының  
Экономикалық даму және сауда  
министрі*

\_\_\_\_\_ *Г.Н. Әбдіқалықова*

\_\_\_\_\_ *Ж.С. Айтжанова*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Еңбек                      және                      х а л ы қ т ы                      ә л е у м е т т і к  
қ о р ғ а у                      м и н и с т р і н і ң                      2 0 1 1                      ж ы л ғ ы  
1 6                      а қ п а н д а ғ ы                      №                      5 4 - ө                      ж а н е

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Экономикалық                      даму                      ж а н е                      с а у д а  
м и н и с т р і н і ң                      2 0 1 1                      ж ы л ғ ы  
1 6                      а қ п а н д а ғ ы                      №                      3 5                      б і р л е с к е н  
бұйрығымен бекітілген

## **Жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері**

### **1. Жалпы ережесі**

1. Осы Жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі - Критерийлер) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын орындау мақсатында субъектілерді жоғары, орташа не шамалы тәуекел топтарына жатқызу үшін әзірленді.

2. Осы Критерийлерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тәуекел - субъектінің қызметі нәтижесінде адамның өмірі мен денсаулығына, қызметкердің мүліктік мүдделеріне зиян келтірудің, оның

салдарының ауырлық дәрежесі ескерілген, ықтималдығы;

2) субъект - қызметкер еңбек қатынасында болатын жеке немесе заңды тұлға.

3. Субъектілерді тәуекел топтарына жатқызу кезінде тәуекел дәрежесін бағалаудың мынадай критерийлері:

1) қызметкерлердің санына қарай - объективті критерийлер;

2) қызметкерлердің еңбек құқықтарының сақталуына қарай - арнайы критерийлер ескеріледі.

## **2. Объективті критерийлерді ескере отырып субъектілерді жоғары, орташа не шамалы тәуекел топтарына таратып бөлу**

4. Объективті критерийлер бойынша субъектілер үш топқа бөлінеді: қызметкерлерінің саны 250 адамнан артық субъектілер жоғары тәуекелге жатады - тексерулер жылына бір рет;

қызметкерлерінің саны 50 адамнан артық, бірақ 250 адамнан аспайтын субъектілер орташа тәуекелге жатады - тексерулер 3 жылда бір рет;

қызметкерлерінің жылдық орташа саны 50 адамға дейінгі субъектілер шамалы тәуекелге жатады - тексерулер 5 жылда бір рет.

## **3. Арнайы критерийлерді ескере отырып субъектілерді жоғары, орташа не шамалы тәуекел топтарына таратып болу**

5. Объективті қатер факторлары бойынша тексеруден өткен субъектілер одан әрі арнайы тәуекел критерийлері ескерілген тексеру жоспарына енгізіледі.

6. Арнайы критерийлерге:

1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы бұзушылық тәуекелдері (1-қосымша);

2) қызметкерлердің еңбек құқықтарын бұзушылық тәуекелдері (2-қосымша);

3) шетелдік жұмыс күшін тарту тәртібін бұзушылық тәуекелдері (3-қосымша) ж а т а д ы .

7. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жолсыздықтар бойынша критерийлерді бағалау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) 20 және жоғары балл алған субъектілер - жоспарлы тексеру еселігі жылына бір рет болатын жоғары тәуекел тобына жатады;

2) 10-нан 20-ға дейін балл алған субъектілер - жоспарлы тексеру еселігі 3 жылда бір рет болатын орташа тәуекел тобына жатады;

3) 10-ға дейін балл алған субъектілер - жоспарлы тексеру еселігі 5 жылда бір рет болатын шамалы тәуекел тобына жатады.

8. Қызметкерлердің еңбек құқықтарын бұзушылықтар бойынша критерийлерді бағалау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) 15 және жоғары балл алған субъектілер - жоспарлы тексеру еселігі жылына бір рет болатын жоғары тәуекел тобына жатады;

2) 7-ден 15-ке дейін балл алған субъектілер - жоспарлы тексеру еселігі 3 жылда бір рет болатын орташа тәуекел тобына жатады;

3) 7-ге дейін балл алған субъектілер - жоспарлы тексеру еселігі 5 жылда бір рет болатын шамалы тәуекел тобына жатады.

9. Шетелдік жұмыс күшін тарту тәртібін бұзушылық критерийлерін бағалау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) 15 және жоғары балл алған субъектілер - жоспарлы тексеру еселігі жылына бір рет болатын жоғары тәуекел тобына жатады;

2) 10-нан 15-ке дейін балл алған субъектілер - жоспарлы тексеру еселігі 3 жылда бір рет болатын орташа тәуекел тобына жатады;

3) 10-ға дейін балл алған субъектілер - жоспарлы тексеру еселігі 5 жылда бір рет болатын шамалы тәуекел тобына жатады.

10. Көрсетілген критерийлерді айқындау үшін тексеру жоспарланып отырған алдағы жылғы күнтізбелік жыл есепті кезең болып табылады.

#### **4. Қорытынды ережелер**

11. Тәуекел деңгейі жоғары немесе орташа субъектілерді тексеру кезеңділігі, жоспарлы тексерулердің базалық еселігімен белгіленгеннен гөрі едәуір сирек тексерілу мүмкіндігі болатын, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтарының санына тәуелді болады.

Тексерулердің нәтижесінде бұзушылықтар анықталған және анағұрлым жоғары балл алған жағдайда, орташа немесе төмен тәуекел дәрежесіндегі субъектілер тиісінше жоғары немесе орташа тәуекел дәрежесіне ауыстырылатын болады.

12. Арнайы критерийлер топтары бойынша тексерулерді айқындау принциптері:

1) тәуекелдің бір тобы бойынша ғана балл жинаған кезде тақырыптық, яғни осы тәуекел тобына қатысты мәселелер бойынша тексерулер жүргізіледі;

2) екі және одан көп топтар бойынша балл жинаған кезде бақылаудың барлық мәселелері бойынша тексерулер кешенді жүргізіледі.

13. Тәуекел дәрежесінің бір деңгейі шеңберінде тексерулер жүргізу үшін субъектілерді іріктеу принциптері:

1) берілген (алған) баллдардың едәуір сомасы бойынша;

2) берілген баллдар тең болған жағдайда, тексеру үшін субъектілерді іріктеу

оның өнімді немесе өнімсіз объектілерге тиістілігіне қарай жүзеге асырылады;

3) жоғарыда көрсетілген белгілер бойынша көрсеткіштер тең болған жағдайда , едәуір тексерілмеген кезеңі бар субъектілер тексеру жоспарына енгізіледі.

Жеке кәсіпкерлік саласындағы

тәуекел дәрежесін бағалау

критерийлеріне

1-қосымша

### Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы бұзушылық тәуекелдері

Тәуекелдердің тобы	Тәуекелдерді бағалау критерийлері	Балл	Негіздеме
	Кісі өлімімен аяқталған топтық өндірістегі жазатайым оқиға (2 және одан көп адам)	20	Н-1 нысаны актісі Жазатайым оқиғаны арнайы тергеп-тексеру актісі
	Топтық өндірістегі жазатайым оқиға	10	
	Кісі өлімімен аяқталған өндірістегі жазатайым оқиға (бір дерек үшін)	15	
	Ауыр аяқталған өндірістегі оқиғалар (бір дерек үшін)	10	
	Кәсіптік аурулар (бір дерек үшін)	5	
	Жеңіл, орташа аяқталған өндірістегі жазатайым оқиғалар (бір дерек үшін)	3	
	Еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерге аттестаттау жүргізбеу	10	
	Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамау	7	
	Еңбекті қорғау қызметін құрмау	6	
	Қызметкерлерді жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етпеу	6	
	Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді қамтамасыз етпеу	5	
	Қызметкерлерді үйретпеу, нұсқау бермеу және білімдерін тексермеу	8	
	Міндетті және кезеңдік медициналық тексерулер жүргізбеу	3	
	Өндірістік кәсіпорынның басшысы қызметкерлерімен еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адамдардың үш жылда кемінде бір рет еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі мәселелері жөнінде мерзімдік оқудан және білімін тексеруден өтпеуі	5	

Еңбек  
қауіпсіздігі  
және еңбекті  
қорғау  
саласындағы  
бұзушылық  
тәуекелдері

Жұмыс берушінің көрсетілген мерзімде жазатайым оқиғалар туралы актіні бермеуі (жәбірленушіге немесе оның сенімді төрағасына, жұмыс берушімен тиісті шарттық қатынастары бар сақтандыру ұйымына, мемлекеттік еңбек инспекциясына, ал улану жағдайында халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органға

Мемлекеттік еңбек  
инспекторының тексеру актісі,  
ұ й ғ а р ы м ы

	Қызметкерлерге емдік-профилактикалық тағам және сүт беру нормативтерінің сақталмауы	2	
	Жұмыс берушінің өндірістегі жазатайым оқиға туралы көрсетілген мерзімде мемлекеттік еңбек инспекциясына хабарламауы	5	

Жеке тәуекел критерийлеріне 2-қосымша

кәсіпкерлік дәрежесін

саласындағы бағалау

### Қызметкерлердің еңбек құқықтарын бұзушылық тәуекелдері

Тәуекелдердің тобы	Тәуекелдерді бағалау критерийлері	Балл	Негіздеме
	Жалақыны уақытында төлемеу	10	
	Ұжымдық шарт жасаудан жалтару және негізсіз бас тарту	6	
	Еңбек шартын жасамау	5	
	Еңбек шартын жасауда шектеулерді сақтамау	4	
	Демалыстар бермеу	4	
	Үстеме жұмыстарға заңсыз тарту	3	
	Қызметкердің өмірімен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу сомасын төлемеу немесе уақытында төлемеу	5	
	Қызметкерге тиесілі сомалар мен өтемақыларды сомасын төлемеу немесе уақытында төлемеу	5	
	Ақысы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысынан заңсыз шақырып алу	4	
Қызметкерлердің еңбек құқықтарын бұзушылық тәуекелдері	Заннамада белгіленген мерзімде жұмыспен қамту мәселесі бойынша уәкілетті органға мынадай ақпаратты бермеу: 1) заңды тұлғаның таратылуына не жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, адам санының немесе штаттың қысқартылуына байланысты алдағы уақытта қызметкерлердің жұмыстан босайтыны, олардың саны және санаты туралы; 2) Ұйымда өндірістің өзгеруіне, сонымен қатар қайта ұйымдастырудың және қызметкердің жұмыс көлемінің қысқаруына орай, қызметкерлердің толық емес жұмыс күніне өтуіне байланысты алдағы уақытта қызметкерлердің жұмыс жағдайының өзгеруі туралы; 3) бос жұмыс орындары туралы (бос лауазымдар туралы) 4) азаматтарды жұмысқа қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы (жолдамаға тиісті белгі қоя отырып, себебін көрсету)	3	Мемлекеттік еңбек инспекторының тексеру актісі, ұйғарымы

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделмеген тәртіптік жаза қолдану	2	
--	---	--

Жеке кәсіпкерлік саласындағы  
тәуекел дәрежесін бағалау  
критерийлеріне  
3-қосымша

### Қызметкерлердің еңбек құқықтарын бұзушылық тәуекелдері

Тәуекелдер тобы	Тәуекелдерді бағалау критерийлері	Балл	Негіздеме
Шетелдік жұмыс күшін тарту тәртібін бұзу тәуекелдері	Тиісті рұқсатсыз шетелдік жұмыс күшін пайдалану	10	Мемлекеттік еңбек инспекторының тексеру актісі, ұйғарымы
	Рұқсаттың негізгі шарттарын орындамау	5	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК